

6. 086-У үлгісіндегі медициналық анықтама (флюорографиядан Алматы қаласындағы студенттер емханасынан өту керек);
7. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
8. Еңбек кітапшасының нотариус куәландырған көшірмесі;
9. Егер бар болса шетел тілін тапсырғаны туралы сертификат (TOEFL, IELTS және т.б.);
10. Ақылы негізде түсушілер үшін шартқа отыру және оқудың төлемақысын төлейтіндігі туралы кепілдеме хат;
11. Мекен-жай туралы анықтама (ХҚКО);
12. 3x4 көлеміндегі 6 фотосуреті;
13. Құжаттарының тізімдемесі.

### ДОКТОРАНТУРА

Мамандықтар:

- 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті
- 6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті
- 6D012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
- 6D012200 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
- 6D020500 – Филология
- 6D021300 – Лингвистика
- 6D021400 – Әдебиеттану

### Докторантураға тапсырушыға қойылатын талаптар:

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистр академиялық дәрежесі болуы керек (мемлекеттік білім беру грантын алу конкурсына қатысу үшін магистратураны бітіргендегі GPA үлгірім көрсеткіші 3,33-тен (4,0 баллдық жүйе бойынша) немесе 90 пайыздан (100 пайыздың) кем болмауы қажет); шет тілін қабылдау емтихан талаптары деңгейінде жеткілікті меңгерген болуы тиіс.

### Докторантураға тапсыру үшін қажетті құжаттардың тізімі:

1. Ректордың атына өтініш (үлгі бойынша);
2. Отандық немесе шетелдік ғылыми кеңесшілер келісімі бойынша (ғылыми жетекшінің қолы жұмыс орнының мөрімен расталуы керек) жобаланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі (тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, тақырыптың зерттелу деңгейі, зерттеу нысаны мен пәні, ғылыми жаңалығы, күтілетін ғылыми нәтиже, теориялық және қолданбалы маңызы және болжамдағы диссертациялық жұмыстың құрылымы);
3. Жеке куәлігінің көшірмесі;



4. Докторантураға құжат тапсырушының сауалнамасы;
5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы дипломдар мен қосымшаларының нотариус куәландырған көшірмесі;
6. Ұсыныс хат (ұйымның мөрімен расталған);
7. Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік құралдарының тізімі;
8. 086-У үлгісіндегі медициналық анықтама (флюорография суретімен);
9. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
10. Еңбек кітапшасының кадр бөлімі куәландырған көшірмесі;
11. Егер бар болса шетел тілін тапсырғаны туралы сертификат (TOEFL және т.б.);
12. Мекен-жайы туралы анықтама (ХҚКО);
13. 3x4 көлеміндегі 6 фотосуреті;
14. Құжаттардың тізімдемесі.

Мақсатты даярлық аясында мемлекеттік тапсырыс бойынша PhD докторантураға талапкерлер бұған қоса қабылдау комиссиясына мақсатты даярлық орыны берілген ұйым ректоры қол қойған фирмалық бланкіге жазылған жолдама-хат алып келеді.

Қабылдау емтихандары:  
Шетел тілінен (ағылшын, неміс, француз) стандартталған сауалнама технологиясы бойынша емтихан;

Мамандық пәнінен емтихан;

### Институттың мекен-жайы:

050010, г.Алматы, проспект Достық, 13  
Телефон: 8(727)2911835  
e-mail: [philology\\_kaznpu@mail.ru](mailto:philology_kaznpu@mail.ru)

## АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ  
БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ТАЛАПКЕР

2017





## ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі ең байырғы білім ошақтарының бірі Филология және көптілді білім беру институты - бүгінде бакалавр-магистр-PhD докторы дәрежесіндегі жоғары білікті филолог мамандар даярлап отырған еліміздегі басты орталық.

Алғаш ашылған 1928 жылы тіл-әдебиет бөліміне 49 студент қабылданған болса, бүгінгі таңда мұнда 1500 – ге жуық шәкірт білім алып жүр. Оларға 120 жоғары білікті оқытушылар дәріс оқиды.



Халықаралық білім беру стандарты бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Филология және көптілді білім беру институты студенттері: Америка, Ұлыбритания, Германия, Латвия, Франция, Қытай, Түрік, Иран елдерінің жетекші университеттерінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқи алады.

Институтта шәкірттердің ғылыми-шығармашылық қабілетін қалыптастырып дамыту мақсатында студенттердің ғылыми үйірмесі, С.Сейфуллин атындағы әдеби бірлестік, «Тағлым» клубы, «Тіл» үйірмесі жұмыс істейді.

Институт түлектері кәсіби біліктілігіне байланысты: педагогикалық қызметтен бөлек телеканалдарда, газет-журналдарда, жарнама мекемелерінде, әкімшілікте, елшіліктерде, үлкен ірі компанияларда, тіл үйрету мекемелерінде т.б орындарында жұмыс істей алады.

Университеттегі әскери дайындық кафедрасы арқылы институт студенттері әскери мамандық алып шығады.

### БАКАЛАВРИАТ

#### Мамандықтар:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті  
5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті



5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі  
(ағылшын-неміс), (ағылшын-француз),  
(ағылшын-түрік),  
(ағылшын-араб), (ағылшын-парсы),  
(ағылшын-қытай)

5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

5B012200 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыстілі мен әдебиеті

5B020500 – Филология

5B020700 – Аударма ісі

5B021000 – Шетел филологиясы:  
(түрік, қытай, араб, парсы, кәріс)

5B021000 – Шетел филологиясы:  
(ұйғыр тілі және әдебиеті)

#### Оқыту түрі:

Күндізгі бөлім, сырттай бөлім

#### Оқу мерзімі:

Күндізгі бөлім – 4 жыл

Арнайы орта білім негізінде (күндізгі және сырттай)

оқу – 3 жыл

Жоғары білім негізінде (күндізгі және сырттай) оқыту – 2 жыл

#### Талапкер тапсыратын құжаттар:

Білімі (жалпы орта білім, арнаулы орта білім, жоғары кәсіби білім) туралы құжаттың түпнұсқасы 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет № 086-V үлгісіндегі дәрігерлік анықтама (флюорография суретімен)

Мемлекеттік білім гранты берілгені туралы куәлік (бар болған жағдайда)

Институт түлектері өз мамандықтары бойынша магистратурада оқуларын жалғастыра алады.

## МАГИСТРАТУРА

#### Мамандықтар:

6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті  
6M011800 – Орыс тілі мен әдебиеті  
6M011900 – Шетел тілі: екі шет тілі  
6M012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті  
6M012200 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті  
6M020500 – Филология  
6M020700 – Аударма ісі  
6M020900 – Шығыстану  
6M021200 – Түркітану  
6M021300 – Лингвистика  
6M021400 – Әдебиеттану

#### Магистратураға тапсырушыға қойылатын талаптар:

Бакалавр дипломы;  
Түсу емтиханын тапсыру үшін шетел тілін тиісті деңгейде білу.

#### Магистратураға тапсыру үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Ректордың атына өтініш (үлгі бойынша);
2. Жеке куәлігінің көшірмесі;
3. Талапкер сауалнамасы (көк сиямен өз қолымен баспа әріптерімен жазылады);
4. Жоғары білімі туралы құжатының және қосымшасының нотариус куәландырған көшірмесі;
5. Ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерінің ғалым хатшы куәландырған тізімі;

